



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 55-66-31, 55-66-36, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: 55-66-31, 55-66-36 факс: 55-72-94

№  
12.04.2021 № 3 ге

**Тұрақты комиссияның  
2021 жылғы 12 сәуірдегі  
қаулысы**

**Нұр-Сұлтан қаласы  
Полиция департаментінің  
проблемалық мәселелері туралы**

Зандылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаментінің (бұдан әрі - Департамент) ақпаратын тыңдап және талқылап, бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне, Департаментке бөлінетін бюджет қаражатының көлемі қала азаматтарының қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қойылған міндеттерді орындау үшін жеткіліксіз екенін атап өтті.

Мәселен, Департаменттің қызметі төрт ағымдық бюджеттік бағдарламалар шеңберінде: 001 «Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша, 003 «Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтарды көтермелеу» бағдарламасы бойынша, 004 «Нұр-Сұлтан қаласында нашақорлықтың және есірткі бизнесінің алдын алу жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша, 007 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша іске асырылады.

Жыл сайын Департаментке жергілікті бюджеттен еңбекақы төлеу қоры үшін, үй-жайларды ұстауға, ұйымдастыру техникасына қызмет көрсетуге және ақпараттық жүйелерді сүйемелдеуге, нысанды киім-кешек қорларына, тауарлық материалдық құндылықтар мен майлау материалдарына қаржы қаражаты бөлінеді.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі әлеуметтік жағдайды жақсарту үшін тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін өтемақы алу тізіміне жол-патрульдік полициясының саптық бөліністері, учаскелік инспекторлар мен кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар енгізілген.

Сонымен қатар, депутаттар Департамент бөлімшелеріне барған кезде учаскелік полиция пункттеріндегі орынжайлардың қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіндігін атап өтті.

«Сарыарқа» ауданының аудандық ішкі істер бөлімінде бір кабинетте 10-12 қызметкер отыруға мәжбүр, уақытша ұстау камералары жоқ.

Бүгінгі күні қалада учаскелік полиция пункттері, модульдік үлгідегі стационарлық бекеттер, қызметтік және арнайы автокөлік, компьютерлік техника, радиостанциялар, топтық зарядтау құрылғылары, «ASTRO» цифрлық транкинктік радиобайланыс жүйесінің жиынтығы жеткіліксіз.

Департаменттің қызметтік автокөліктерінің жұмысқа қабілеттілігін қолдау және қалпына келтіру үшін техникалық қызмет көрсету және автожуу станцияларының, қызметтік және арнайы автокөліктерге арналған ангарлардың қызметтері қажет.

Қойылған талаптарға полицияның сегіз учаскелік пункті сәйкес келмейді, тиесілік нормалары бойынша полицияның қырық учаскелік пункті жеткіліксіз.

Бүгінгі таңда сыртқы қызметтердің жүктеме нормалары 700 мың адам саны есебінен 2012 жылғы нормативтерге сәйкес келеді, ал халық саны 151,9 адамға артып, 1 млн. 184,4 мың адамды құрайды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша жүктеме нормативтері бойынша штат санына қажеттілік 3 254 бірлікті құрайды.

«Сарыарқа» ауданы Полиция басқармасының ғимараты пайдалану, санитарлық нормалар мен ережелерге, өрт қауіпсіздігі және лаңкестікке қарсы қорғалу талаптарына жауап бермейді.

Күзетуге жататын Патрульдік полиция полкінің ғимараты бойынша мәселе өткір тұр.

Талқылау нәтижелері бойынша Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ұсынылсын:

тиесілілік нормаларына сәйкес және Полктің роталық жүйесі құрылымының батальонға өзгеруіне байланысты қаланың әрбір ауданына батальон бойынша бекітіле отырып, Департаменттің штат санын ұлғайту үшін қаржы қаражатын көздеу;

қаланың коммуналдық меншігінен учаскелік полиция пункттері үшін үй-жайлар бөлу немесе көп қабатты үйлердің бірінші қабаттарында үй-жайлар бөлу жөнінде шаралар қабылдау;

модульдік типтегі стационарлық посттарды орнату мәселесін зерттеу;

Департаментті материалдық-техникалық жарақтандыруға (арттехқаруландыруды, өлімге әкелмейтін іс-қимыл қаруларын, жеке қорғаныс және белсенді қорғаныс құралдарын, қызметтік және арнайы автокөлікті, компьютерлік техниканы, «ASTRO» цифрлық транкинктік радиобайланыс жүйесін, қызметтік үй-жайларда орнатуға арналған бейнекамераларды, бейнетіркегіштерге онлайн мониторингтің кіші жүйесін, бейнетіркегіштерге бейнетіркеу жүйесін сатып алуға, «UFED 4PC Ultimate» бағдарламалық-аппараттық кешендерін бағдарламалық қамтамасыз етуге лицензия алуға) қаржы қаражатын бөлу мәселесін пысықтау», «Argus Card» және «Argus Messengers»

ЖШС сатып алу, ақпараттық қауіпсіздік объектілерін қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін техникалық қорғау құралдарын, пилотсыз аппараттарды қашықтықтан басқаруды ұстап алуға және басуға арналған құрылғыларды сатып алу, ЖБО, ЭҚАБЖ серверлік және желілік жабдығының аналогтық ескірген бейнекамераларын және цифрлық коммутаторларды ауыстыруға, бейнебақылау камераларын радиоға қол жеткізу арқылы ДП желісіне қосу жабдығына, мобильді командалық-штабтық кешенді жаңғыртуға);

қызметтік автомобильдерге арналған аетарлар, техникалық қызмет көрсету және Автожуу станцияларын салу жөнінде шаралар қабылдау;

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының депутаттары «ЖП ЖҚБ бойынша инфекциялық аурухананың әкімшілік ғимаратын реконструкциялау бойынша жөндеу жұмыстары» мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық комиссияның құрамына енгізілсін.

Әуезов көшесі, 40, Сарыарқа полиция басқармасын орналастыру үшін;

Жетіген көшесі, 16, патрульдік полиция полкін көшіру үшін ғимараттарды сатып алу жөніндегі мәселелерді пысықтау.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ-не:

Департаменттің бюджеттік өтінімдеріне талдау жүргізу және бюджетті екінші, үшінші және төртінші нақтылауға басымдықтар бойынша қаражат бөлуді көздеу.

3. Нұр-Сұлтан қаласының полиция Департаментіне ұсынылсын:

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен 778 қосымша бірлік бөлуге және қаланың әрбір ауданына батальоннан бекіте отырып, Полктің роталық жүйесінің құрылымына батальондық етіп өзгеріс енгізуге қатысты мәселені пысықтау;

Бюджеттік өтінімді «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ-ге штат санын ұлғайтуға, модульдік үлгідегі стационарлық бекеттерді материалдық-техникалық жарақтандыруға және орнатуға жіберу;

4. Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаментіне Нұр-Сұлтан қаласының «Қалалық жылжымайтын мүлік» МКК-мен бірлесіп ұсыну:

Жетіген көшесі, 16 бойынша ғимараттың құнын бағалау бойынша жұмыс жүргізу ұсынылсын.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
заңдылық, құқық тәртібі және  
жұртшылықпен жұмыс мәселелері  
жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы**



**Т. Нәрікбаев**